



Автор: Абдирзакова Сара Абдирахимовна
Пән: География
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Физикалық география/Биосфера
Тақырып: Биосфера және оның құрамдас бөліктері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.4.1 -биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды
Сабақтың мақсаты:	биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтай алады.
Тілдік мақсаттар:	Тыңдалым- Мұғалімнің мазмұндауын және бейнежазбаны тыңдайды. Оқылым-Берілген мәтінді түсініп оқиды Жазылым-Берілген тапсырмаларды зерделеп,соның негізінде анықтама жазады. Айтылым- Жұмыс қорытындысын сыныптастары алдында мазмұндау барысында өз пікірінжеткізеді Негізгі сөздер мен тіркестер: Биосфера,тірі зат,биокост,биогенді заттар, Өмір қабықшасы Озон қабаты Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Биосфера дегеніміз ----- Биосфераның құрамы мен құрылымы-----тұрады
Күтілетін нәтиже:	биосфераның құрамын, құрылымын ұғыну
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушылардың бірлесіп жұмыс жүргізу барысында бір-біріне құрметпен қарау,ашықтық көрсету арқылы тақырыптағы проблемалық сұрақтарды бірігіп шешуге атсалысады
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Ғаламтордан бейнежазба көрсету
Пәнаралық байланыс:	Биология ,химия
Бастапқы білім:	5-6 сынып Жаратылыстану пәнінен алған жердегі тіршілік, тірі және өлі табиғаттағы үдерістер, тірі ағзалардың сан алуандығы жөніндегі білімін қолдана алады

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу. Топқа бөлемін : «Билеттер арқылы» топқа бөлінеді. Оқушыларды кассадан билеттер алып, 1,2,3 вагондарға бөлініп отрады. Психологиялық ахуал қалыптастыру: Сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау. Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз! Ұйымшыл боламыз десек 2 рет Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз!	
Сабақтың ортасы	Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау. • Биожанама заттарға не жатады ? • В.И.Вернадский тіршіліктің негізіне қандай заттарды жатқызды? • Атмосферада қандай қабаттар ажыратылады.? Түсіндіру. Топтық, жеке жұмыс жүргізу. Дәптермен жұмыс.	
Сабақтың соңы	Ой қорыту. БББ кестесі. (Білгенім, білдім, білгім келеді) Үйге тапсырма: Биосфера тақырыбын зерттеуші ғалымдар туралы хабарлама дайындап келу	
Рефлексия	Рефлексия: «5 саусақ»-Өзін-өзі бағамдау 1.Сізде қандай қиындықтар болды? 2.Сізге қандай тапсырма қатты ұнады? 3.Бүгінгі көңіл-күйім қандай болды? 4.Бүгін мен қандай жетістіктерге қол жеткіздім? 5.Бүгін мен не білдім,қандай тәжірибе жинақтадым? Бағалау: Жетістік критерийі бойынша өзін-өзі бағалау	